

**Сайрам ауданы білім бөлімінің
Ақбөпем» Бөбекжай-бақшасы**

ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫ

«Ақбөлем» Бобекжай -бақшасының ондірістік кеңестің

№1 Хаттамасы

Ақарыс а

29.08.2024ж.

Қатысқаны-14

Қатыспағаны-1

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

- 1.2024-2025 оқу жылының дайындығы туралы
- 2.Балабақшаның ішкі еңбек тәртібінің ережелері және қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін бекітіп таныстыру
3. Балабақша топтарға жауапты маман бекіту және балалардың сапалық құрамын жасақтау туралы.
- 4.«Балалардың денсаулық топтарын және физикалық денсаулығын тексеру мен қызметкерлердің медициналық бақылаудан өту қорытындысы.
- 5.Комиссия мүшелерін сайлау.

Бірінші сұрақ бойынша:Балабақша меңгерушісі Канибекова Енлик сөз кезегін алды.өткен оқу жылында жылдық жоспарға жоспарланған жұмыстар өз деңгейінде атқарылды. 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатта көрсетілгендей Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі балаларды патриоттық рухта, өз жеріне деген сүйіспеншілікке,өзінің кіші Отанына деген адалдыққа, табиғатқа, жануарларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу және Мектепке дейінгі жас баланың жеке тұлғасын қалыптастыру үшін өте маңызды.Бұл жаста балалардың сөйлеу,сенсорлық дағдылары қалыптасады, сондай-ақ ақыл-ой, дене, эстетикалық, патриоттық тәрбие беру көзделеді. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру барысында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру мақсаты көзделеді.2024-2025 оқу жылында міндетті бес бағыт бойынша жұмыс жоспарлары жасалынып, орындалуы әдіскер, меңгеруші тарапынан бақылауға алынады. Әрбір бөлім бойынша жоспарланған жұмыс әр топта балалардың жас ерекшелігіне байланысты жасалынып, уақытылы жүргізіп, ата-аналарға кеңестер вацап желісі арқылы беріліп отырылсын,-деді.

Балабақша әдіскері Канибекова Енлик. Жаз мезгілінің еңбек демалыстары толық демалып қызметкерлер жұмысқа кірісті. Қазіргі таңда тәрбиешілердің жұмыс жоспары түзіп, іс-қағаздарын толық ретке келтірген. Жаңа оқу жылына дайындығы жақсы деп атап айтты.

2. Екінші сұрақ бойынша "Ақбөпем" Бөбекжай- балабақша меңгерушісі

Канибекова Енлик 2024-2025 оқу жылының Ішкі еңбек тәртібінің сақталуы ережелерімен танысып, лауазымдық міндеттері бекітілді. Қазақстан Республикасының заңының талаптарына сәйкес бекітілген ережелердің мақсаты- мектепке дейінгі мекеме ұжымының тиімді ұйымдастыруға ықпал ету, еңбек тәртібінің нығайту жолдарымен таныстырылды. Баяндама оқылды. Балабақшада мектепке дейінгі жастағы балалардың оқу тәрбие жұмыстары ұйымдастырылады.

Оны ұйымдастыратын жағдай жасайтын осы ұжымның барлық қызметкерлерінің атқаратын өз міндеттері бар. Әрбіріңіз өз лауазымды міндет бойынша міндеттеріңізбен танысып оны орындаймын деп растау үшін өз қолдарыңызды қойыңыздар. Қол қойған уақыттан бастап ең әуелі бала қауіпсіздігі мен денсаулығына жауап береміз. Және де ішкі еңбек тәртіп ережесін қатаң түрде сақтауымыз керек. Ұжымда сіздерден жауапкершілікті, ұйымшылдықты, еңбекқорлықты, бірлік пен ынтымақтастықты көрем деп сенемін. Және сондай болуын талап етемін. Келешек ұрпақ тәрбиесінде аянбай еңбек етіп, ата-аналардың үмітін ақтап, тәжірибемізді, кәсіби шеберлікті арттырайық. Үнемі ізденіс үстінде жүруіміз шарт және де балабақшада жалпы және жеке бас тазалығын сақтап қызметке лайықты формада жүру керектігін ескертемін.

СӨЙЛЕДІ: "Ақбөпем" кәсіподақ ұйымының төрайымы Сәбит Арайлым

Бөбекжай бақшаның ішкі тәртіп ережелерін сақтау Бөбекжайда жұмыс тыныштығын қамтамасыз етеді және тәрбиеленушілердің ата-аналары (заңды өкілдері) мен мектепке дейінгі мекеме қызметкерлері арасындағы бірлескен жұмысты көздейді. Бөбекжайдың жұмыс уақыты 08.30-ден басталады. Балаларды қабылдау сағат 08:30-дан 17:30-ға дейін жүзеге асырылады, баланы балабақшада 9 сағат болады. Балабақшаға уақытында келу, тәрбие-білім беру үдерісін дұрыс ұйымдастыру, педагогикалық ұжымның басты міндеті. Тәрбиешілер баланы кім алып келіп, алып кететінін білуі тиіс. Ата-аналар бұл тізімді жазбаша түрде ұсынуға міндетті (паспорттық деректер және осы тұлғалардың байланыс телефондары). Әйтпесе, тәрбиешілерге баланы ата-анасынан басқа бөтен қолға беруге тиым салынған. Тәрбиешілерге балаларды мас күйдегі адамдарға, кәмелетке толмаған адамдарға, бейтаныс адамдарға беруге қатаң тыйым салынады. Әрбір қызметкер жұмыс уақытын ескеріп, ішкі тәртіп ережелеріне бағыну керек. Тәртіп бар жерде, жұмыс та, тазалық та, сыйластық та болады деп сөзін аяқтады.

Қызметкерлердің лауазымдық міндеттерімен толық таныстырып кәсіподақ төрайымы Г.Сауленбекова келісімімен бекітілді.

3.Үшінші сұрақ бойынша :Балалардың денсаулық топтарын және физикалық денсаулығын тексеру мен қызметкерлердің медициналық бақылаудан өту қорытындысы.

СӨЙЛЕДІ: "Ақбөпем" Бөбекжай-бақшаның медбикесі Насреддин Аружан мектепке

дейінгі білімде баға жетпес гигиеналық тәрбиенің тәжірибебиесі мол болғанымен, қазіргі заманға сай баланың денсаулығының нашарлап, әлеуметтік жағдай баланың дұрыс өмір сүру бейнесін қалыптастыруда жаңа қарым-қатынасты меңзейді. Ұлттық денсаулық сақтау ұйымында баланың салауатты өмір салтына тәрбиелеу негізгі міндеттердің бірі болып саналады. Баланың салауатты өмір салтын құруда баланың тек психологиялық жеке-дара ерекшеліктері ғана емес, оны қоршаған ортасы мен жанұясы қолдап отыру қажет. Қазақстандағы салауатты өмір салтын дамытудың бастамасы мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың денсаулығын сақтаудың аса қажет екендігін көрсетеді. Баланың дені сау, салмақты, дене дамуы мықты, тәбеті жақсы, ұйқысы толыққанды болып өсуі үшін күн тәртібін қатаң сақтау қажет. Бұл балаға балалық шақтан бастап ағзасын кез-келген ауруға қарсы тұруына маңызды. Міне, сондықтан мектепке дейінгі мекемелерде күн тәртібі сақталуға қатаң көңіл бөлінген. Шынықтыру-сауықтырудың да тәртібі болған жағдайда ғана баланың ағзасына тиімді болады. Сонымен бірге, жыл сайын балаларды медициналық тексерулерден өткізіп, дәрігерлердің қаралуында болу керек. Биылғы оқу жылында да Бөбекжайға қабылданған 95 бала медициналық тексеруден өтіп, дені сау, денесі таза деген анықтамалармен келді. Балалардың денсаулығына кері әсер етпеу үшін қызметкерлер де жыл сайын медициналық тексеруден өтеді. Барлығының да медициналық картасында жұмысқа жарамды деп көрсетілген.

Үшінші сұрақ бойынша: Балабақша топтары туралы анықтама, олардың сапалық құрамы туралы балабақша әдіскері Канибекова Е сөйледі.

Биылғы жылға жас ерекшеліктерін ескер отырып 4 топ жинақталды.

Жалпы 95 бала. Онда :

"Балауса" ортаңғы топ топ (3жастан бастап)-25 бала,

"Бәйтерек" ересек топ-25 (4 жастабастап)

"Балдырған" ортаңғы топ (3 жастан бастап) - 25 бала,

"Балапан" кіші топ (2 жастан бастап) – 20 бала болды. Балалардың тізімі жасалды ҰББД қорына және Ситцен сайытына тіркелді. Балалардың қажетті құжаттары жинақталды.

Тәрбиешілермен тәрбиеші көмекшілер топқа бөлінді.

«Балапан» кіші тобы тәрбиешілері : Төленді Айдана,

Тәрбиеші көмекшісі: Орал Айгерім

«Балауса» ортаңғы топтың тәрбиешілері :Абдуманнапова Дана,

Көмекші тәрбиеші: Бегасирова Онал

«Балдырган» топтың тәрбиешілері : Сәбит Арайлым

Тәрбиеші көмекшісі: Розыкулова Азиза

«Бәйтерек» ересек тобының тәрбиешілері : Мелдебек Арайлым

Тәрбиеші көмекшісі: Кыдыралиева Рабига топқа бекітілді.

Төртінші сұрақ бойынша " Бала өмірі мен денсаулығын қорғау" қауіпсіздік ережелері туралы нұсқаулық баяндама.мейірбике Насреддин Аружан таныстырды. Балалардың өмірімен денсаулығын қорғау, олар тәуелсіз мемлекетіміздің білімді, білікті, мәдениетті азамат етіп тәрбиелеу ең басты мақсатымыз. Ата-аналар өмірінің ең қымбат байлығын балаларын сеніп тапсырған соң, біз олардың өміріне тікелей жауаптымыз деп нұсқаулықты таныстырды.

3.Төртінші сұрақ бойынша:Балалардың денсаулық топтарын және физикалық денсаулығын тексеру мен қызметкерлердің медициналық бақылаудан өту қорытындысы.

СӨЙЛЕДІ: " Ақбөпем" Бөбекжай -бақшасының медбикесі Насреддин Аружан мектепке

дейінгі білімде баға жетпес гигиеналық тәрбиенің тәжірибеиесі мол болғанымен, қазіргі заманға сай баланың денсаулығының нашарлап, әлеуметтік жағдай баланың дұрыс өмір сүру бейнесін қалыптастыруда жаңа қарым-қатынасты меңзейді. Ұлттық денсаулық сақтау ұйымында баланың салауатты өмір салтына тәрбиелеу негізгі міндеттердің бірі болып саналады. Баланың салауатты өмір салтын құруда баланың тек психологиялық жеке-дара ерекшеліктері ғана емес, оны қоршаған ортасы мен жанұясы қолдап отыру қажет. Қазақстандағы салауатты өмір салтын дамытудың бастамасы мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың денсаулығын сақтаудың аса қажет екендігін көрсетеді. Баланың дені сау, салмақты, дене дамуы мықты, тәбеті жақсы, ұйқысы толыққанды болып өсуі үшін күн тәртібін қатаң сақтау қажет.

Бұл балаға балалық шақтан бастап ағзасын кез-келген ауруға қарсы тұруына маңызды.

Міне, сондықтан мектепке дейінгі мекемелерде күн тәртібі сақталуға қатаң көңіл бөлінген. Шынықтыру-сауықтырудың да тәртібі болған жағдайда ғана баланың ағзасына тиімді болады.

Сонымен бірге, жыл сайын балаларды медициналық тексерулерден өткізіп, дәрігерлердің қаралуында болу керек. Биылғы оқу жылында да Бөбекжайға қабылданған 95 бала медициналық тексеруден өтіп, дені сау, денесі таза деген анықтамалармен келді. Балалардың денсаулығына кері әсер етпеу үшін қызметкерлер де жыл сайын медициналық тексеруден өтеді.

Барлығының да медициналық картасында жұмысқа жарамды деп көрсетілген.

5.Бесінші сұрақ бойынша: 2024-2025 оқу жылының Комиссия мүшелерін сайлау.

1)Балабақша қызметкерлерінің жұмыс өтілін анықтау және лауазымдық жалақысын есептеу жөнінде төмендегі құрамда құрылсын.

Комиссия төрайымы: Канибекова Енлик

Комиссия мүшелері: Сәбит Арайлым– кәсіподақ төрайымы.

Домбулова Гульчехра– есепші. Мелдебек Арайлым – тәрбиеші. Сапарова

2)Жылдық жоспардың оқу бағдарламасының меңгеру деңгейі бойынша оқу-тәрбие жұмысын бақылау мен басқару бөлімі бойынша тексеру комиссиясы құрылсын.

Комиссия төрайымы: Канибекова Енлик

Мүшелері: Сәбит Арайлым, Төленді Айдана сайланды.

3)Балабақшадағы қызметкерлердің білім,білімділік деңгейін анықтау үшін арнайы аттестаттау комиссиясы құрылды.

Комиссия төрайымы: Канибекова Енлик

Мүшелері: Төленді Айдана, Абдуманнапова

Дана

Хатшы: Мелдебек Арайлым

сайланды.

Балалбақшада келісім комиссиясын құрылсын,төмендегі құрамда.

Қ.Р 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 159 бабына сәйкес.

Комиссия төрайымы меңгеруші –Канибекова Енлик

Мүшелері- тәрбиеші Төленді Айдана,

Кәсіподақ ұйымының төрайымы-Сәбит
Арайлым

«Ақбөпем» Бөбекжай -бақшаның өндірістік кеңестің

№ 2 хаттамасы

Ақарыс а

20.12.2024ж

Қатысқаны- 14

Қатыспағаны-2

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Баяндама «Денсаулық –зор байлық» мейірбике
3. Ағымдағы жылу мерзімі туралы.

Тыңдалды.

1. Бірінші сұрақ бойынша өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы ой-пікірін білдіргендер. "Ақбөпем" Бөбекжай-бақшасының меңгерушісі Канибекова Енлик.

Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтейін. Әр қызметкер өз міндеттеріңізді жақсы білсеңдер керек. Сонымен қатар балабақшада оқу тәрбие де стандарт талабына сай жабдықталуын және көрнекі құралдар толықтыру қажет. Кезінде керек емес заттарды толықтыру қажет. Жас ұрпаққа сапалы білім беру үшін стандарт талабын орындау керекпіз. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі өтілген нұсқаулық талаптарын сақтауымыз керек. Балабақша қызметкерлері өрт пен техникалық қауіпсіздікті сақтауын айтып өтті. Және балабақшаның жылу мәселесі туралы көмір мен отынның жеткілікті болуына байланысты бөлме топ жылулығы сақталуы ескертілді. Сондай-ақ балабақша мейірбикесіне балабақшасына тазалығына, жұмысшыларына өз ісіне мұқият қарауын аспазшылардың ас мәзірін қадағалауын, әр айда тазалық күнін ұйымдастыруын ескеру жасалынды.

2. Екінші сұрақ бойынша «Денсаулық – зор байлық» тақырыбында медбике Насреддин Аружан баяндама оқыды.

3. Денсаулық - зор байлық. Адам барында бағалай білмейтін екі құндылық бар екен. Оның бірі уақыт болса, екіншісі - денсаулық. Шыны керек, көбіміз денсаулықтың қадірін біле бермейміз. "Қолда барда алтынның қадірі жоқ" демекші, денсаулықты барында бағалай білмеген адамдар басына дерт салмақ салғанда ғана денсаулықтың, өмірдің құнын ұғынады. Сондықтан әуел бастан бардың бағасын білудің маңызы зор.

Денсаулық - адам өмірінің тірегі.

2. Топтағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы қанағаттанарлық.
3. Медбике Насреддин оқыған баяндамасымен толық оқып,
. Балабақша Аружан
- 4аптада сенбіліктер ұйымдастырылсын орындалсын, ережелер сақталсын..
Көгалдандыру жұмысы орындалсын.

«Ақбөпем» бөбекжай
бақшасы меңгерушісі



«Ақбөнем» Бобекжай -бақшаның өндірістік кеңестің

Хаттама № 4

31.05.2025ж.

Қатысқаны- 12
Қатыспағаны -3

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Жазғы сауықтыру кезінде балалар денсаулығын нығайту шаралары.
3. Іш ауруларының алдын алу.Мейірбикенің кеңесі.
4. Жазғы жөндеу жұмыстары туралы.
5. Қызметкерлерді еңбек демалысының кестесін бекіту.

Бірінші сұрақ бойынша өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы балабақша меңгерушісі Канибекова Е өз сөзін айтып өтті.

Халқымыз бола тәрбиесіне қашанда ерекше мән берген. Өйткені,бола өміріміздің жалғасы. Сондықтан бүгінгі таңда балалардың өмірін қорғау біз үшін үлкен жағдай. Мектепке дейінгі тәрбие және оқытуды заманауи талаптар деңгейінде жүргізу мақсатында балабақша топтары керекті жиһаздарымен толықтырылып оқу-дидактикалық материалдар, әдістемелік құралдар алынды. Әрбір топтағы заттың дамыту орталары, ойыншықтармен, спорт құралдарымен, ұйымдастырылған оқу әрекетіне қажетті материалдармен толықтырылды. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау. Олардың тәуелсіз мемлекетте білімді, білікті, мәдениетті азамат етіп тәрбиелеу-біздің басты мақсатымыз деп өз сөзін аяқтады.

Екінші сұрақ. Жазғы сауықтыру кезінде балалар денсаулығын нығайту шаралары туралы балабақша әдіскері сөз кезегін алды.

Әрбір мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы өзекті мәселелер бала денсаулығын нығайту және шынықтыру,балалардың танымдық қабілеттік психофизикалық денсаулығын сақтай отырып дамыту, ата-аналардың арқасында педагогикалық ағарту жұмысын белсендіру ата-аналардың бала тәрбиесіне айтар болсақ,балалар өмірі қауіпсіздігі мәселесіне арнап тарту. Жазғы сауықтыру мерзімін саналы жүргізу және педагогтар құзыреттілігін арттыру мәселелеріне арналды. Балалардың спортқа деген құштарлығын ояту мақсатында спорттық және еңбек жарыстарын өткеру керек. Таңғы жаттығуларды үзбей бала бойына тазалықты сіндіру керекпіз.

Балабақша психологы М.Сапарова сөз кезегін алды.

Мінекей, жадырап жаз мезгілі келді. Бүлдіршіндерімізді жазғы шынықтыру шаралары арқылы балалардың денсаулығын нығайту шараларын ұйымдастыруымыз керек. Сондықтан да баланың қоршаған ортаны жақсы тануына,жақсы тәлім-тәрбие алуына ықпал жасауымыз керек.

Балабақша тәрбиешісі Мелдебек А сөз кезегін алды.

Жаз мезгілінде балаларымыздың өмірлік денсаулығына көп көңіл бөлуіміз керек. Әр баланы мұқият бақылауымыз шарт. Балалар бакшасының балалармен, саяхаттарды, серуендерді ұйымдастыру мен өткізу ережелері бойынша көптеген нұсқаулықтарды жатқа білуіміз керек. Балалардың өмірі мен денсаулығына және серуендеу мен экскурсияның қауіпсіз өткізілуіне толық жауап береді. Тәрбиеші балалар серуендейтін орында алдын-ала тексеріп, балалар үшін қауіпті заттардың болмауын қадағалайды. Учаскіде балалар үшін қауіпті заттар болмауға тиіс: әйнек, сым, шеге, тас, тікені бар ағаш бұтағы заттарды алып тастау керек. Серуенде алдында барлық жабдықтардың беріктігін тексеру, алып жүру (қауіпсіздігі), ойыншықтар таза әрі қауіпсіз болуы керек. Серуендеу кезінде балаларды 2 ересек адам сүйемелдеуі тиіс. Серуенге шыққанда балалардың уақыт сәтімен оларды санап тұру керек. Өзімен бірге алғашқы медициналық көмек көрсету қарап шашын алып жүру керек. Көлік қозғалысы көп көшелерде жүрмеу керек. Қауіпсіздік шараларын ескертті.

Балабақша тәрбиешісі Г.Сауленбекова сөз кезегін алды.

Жаз мезгілінде балаларды сауықтыру кезінде денсаулығын нығайтуда ойын түрінде қызығушылығын арттырып, ынталандыру керек. Ойын кезінде, оқу-тәрбие процесінде серуенде, тамақтануда жалпы үнемі сақ болуы шарт. Сондықтан балалар арасында достық қарым-қатынасты орнатуда жағдай жасауымыз керек. Ата-аналармен бірігіп жұмыс жүргізу керекпіз түрлі эстафеталық жарыстар ұйымдастыруымыз керек.

Үшінші сұрақ. Іш аурудың алдын алу тақырыбында балабақша мейірбикесі Насреддин Аружан баяндама оқыды.

Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұжымының деректеріне қарағанда әлемде жыл сайын қауіпті және жұқпалы ішек ауруларынан іш сүзегі, дизентерия, поратиф. Бес миллиондай адам өледі екен. Осы іш ауруларының ошағы-сол кеселге шалдыққан адам, бактериямен вирус тасымалдаушылардың ішінде іш аурулардың айрықша белгілері немесе жеңіл желпі ауырған адамдар өте қауіпті. Ондай адамдарды әдетте медицина орындарына барып көрінбейді.

Сондықтан дәрігерлердің назарынан тыс қалады да қатерлі дертті таратушы болып жүре береді.

Жаз айларында барлық жерде іштің сұйылып кетуі көбейіп кетеді. Бұдан әсіресе нәрестелер мен сәбилер жиі зардап шегеді. Іштің сырқырап сұйылып өтуінің салдарынан балалар су мен тұзды көп жоғалтады. Сәбилердің көпшілігі бұны көтере алмайды. Өліп кетуі мүмкін. Іші өткен, құсқан сәби қарнының ашқанын да білмейді. Өйткені тамаққа тәбеті болмайды. Сол себептен баланы өз уақытында тамақтандырған жөн. Сәбиге күріштің қайнатпасын сорпа не болмаса сұйық майды молынан ішкізу керек. Іші өткен балаға міндетті түрде регидрон береді. Бұл дәріні балалар емханасынан немесе дәріханадан алады. 2 жасқа дейін балалардың іші өткен сайын 50-100мл сұйық ішуге, ал ересек балалар бұдан да көп ішу керек. Іш аурудың

